

**Медициналық мақсаттағы бұйымды медицинада қолдану
жөніндегі нұсқаулық**

Медициналық мақсаттағы бұйымның атауы

Тіс қаптамалары мен көпірлерге арналған CharmTemp Crown® стоматологиялық уақытша материалы

Бұйымның құрамы мен сипаттамасы

Ылғал сіңіргіштігі ≤ 40 мг/мл; еру коэффициенті ≤ 7.5 мг/мл; иілуге беріктігі ≥ 50 МПа; кату тереңдігі ≥ 70 %.

20 секунд галоген жарық ұсынылады (>400 мВт/см²)-3мм

Рендері A1, A2, A3, A3.5, B1, B2.

Өндіруші ұйымның атауы

DentKist, Inc. (Корей Республикасы)

Қолданылу саласы

Стоматология

Тағайындалуы

Материал тіс қаптамаларын, көпірлерді, астарларды, төсемелер мен винирлерді уақытша цементтеуге және қуыстарды уақытша толтыруға арналған.

Қолдану тәсілі

Қолданар алдында

- Сақтау мерзімі мен қаптамасының ластанбағанын тексеріп алыңыз;
- Қолдану жөніндегі нұсқаулықты қатаң орындаңыз.
- Шприцтің қақпағын ашыңыз және шприцке бір реттік ұштықты салыңыз

Қолдану

- Қолайлы құралдың көмегімен материалдың азғана мөлшерін шығарып алыңыз;
- Материалды қуысқа салыңыз және тегістеңіз;
- Материал сілекеймен жанасқаннан кейін бірден қата бастайды;
- Материалды жаққаннан кейін бір сағат ішінде өңделген аумаққа шайнап күш түсіру ұсынылмайды.

Медициналық мақсаттағы бұйымға жиынтықтаушылар тізбесі

1. Екі компонентті картридж (негіз + картридж) CharmTemp Crown® - 50 мл;
2. Араластыруға арналған канюля -10 дана.

Сақтау шарттары

- 1) Материал жарықта қатуы мүмкін. Пайдаланғаннан кейін шприцтің қалпақшасын немесе конвертті жабыңыз.
- 2) Материалды қараңғы, салқын және құрғақ жерде сақтаңыз (2 - 27 ° C / 35-80 ° F).

Жарамдылық мерзімі

2 жыл

«Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды»

Жағымсыз әсерлері

Анықталмаған

Қолдануға болмайтын жағдайлар

Материалды силикон каучуктен жасалған материалдарға аллергиясы бар пациенттерге қолдануға болмайды.

Сақтандыру (қауіпсіздік) шаралары

1. Пайдаланар алдында нұсқаулыққа сәйкес дантистерге және тіс мамандарына жүгіну керек.
2. Осы материалға ауыр аллергиялық реакциясы бар пациенттер үшін пайдаланудың жағымсыз әсерлерін азайту үшін резеңке төсемені ұсыныңыз.
3. Тері бөртпесі, дерматиті немесе аса жоғары сезімталдығы бар пациенттерге пайдаланбаңыз.
4. Пайдаланған кезде бөртпе немесе аса жоғары сезімталдық симптомдары пайда болған пациенттерге бұл материалды қолдануды тоқтатыңыз.
5. Бұл материал тек ауыз қуысына пайдаланылады. Көзге тигізбеңіз.
6. Егер кездейсоқ көзге тиіп кетсе немесе терімен жанасса, оны көп мөлшердегі сумен дереу шайыңыз және медициналық көмекке жүгініңіз.
7. Тіс мамандарынан басқалар бұл материалды пайдаланбауы тиіс. Бұл материалды басқа мақсатта пайдаланбаңыз.
8. Хирургиялық операция алдында тыныс алу жолдары үшін қорғағыш құрылғы қатаң түрде ұсынылады.
9. Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін пайдаланбаңыз (2 жыл бойы).
10. Пайдаланғаннан кейін контейнерді бірден жабыңыз.
11. Құрамында эвгенол бар өніммен бірге пайдаланбаңыз.

Өндіруші ұйым

DentKist, Inc. (Корей Республикасы)

Занды мекенжайы: 3, Nongshim – ro Gunpo – si, Gyeonggi – do, 15842 (Корей Республикасы)







Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан медициналық мақсаттағы бұйымның сапасы жөніндегі шағымдарды қабылдайтын ұйымның мекенжайы

«Медицинский центр современных технологий» ЖШС
Алматы қ., 005000, Алмалы ауданы, Шевченко к-сі, Радостовец к-сі, 1656/72
үй
Телефон +7(727)3236296

Осыған сәйкес медициналық мақсаттағы бұйым өндірілген нормативтік құжаттың атауы

ISO 10477:2004 Стоматология. Тіс қаптапалары мен көпірлерді дайындауға арналған полимер материалдар

Графикалық символдар – пиктограммалар түсіндірмесі

	Өндірілген күні (жылы/айы)
	Өндіруші
	Партия нөмірі
	Жарамдылық мерзімі (жылы/айы)
	пайдаланар алдында нұсқаулықты қараңыз
	Сақтау температурасы